

Шығыс Қазақстан облысы азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 30 мамырдағы № 206 қаулысы мен бірлескен Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 31 мамырдағы № 11/166-III шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 13 маусымда № 2381 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 12 мамырдағы № 100 бірлескен қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 31 мамырдағы № 3/23-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.05.2023 № 100 бірлескен қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 31.05.2023 № 3/23-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 50-бабының 3-тармағына және " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, 27-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғарғы) мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2005 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Сессияның төрағасы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2005 жылғы 30 мамырдағы N 206
қаулысы
мен облыс мәслихатының
2005 жылғы 31 мамырдағы N 11/166-III

шешіміне қосымша

Шығыс Қазақстан облыс азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері

N p/c	Аудандар мен қалалардың атаулары	Жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері, (га)			
		соның ішінде:			
		Тұрғын үй құрылысы үшін	Бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін	Өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу үшін	
				суарылмайтын	суармалы
1	2	3	4	5	6
1	Абай	0,30	0,50	1,0	
2	Аягөз	0,30	0,50	1,0	
3	Бесқарағай	0,30	0,50	1,0	
4	Бородулиха	0,20	0,30	0,35	0,15
5	Глубокий	0,20	0,12	0,30	
6	Жарма	0,20	0,15	0,50	0,30
7	Зайсан	0,20	0,15	0,30	0,18
8	Зырян	0,20	0,15	0,50	
9	Катон- қарағай	0,20	0,20	0,50	0,30
10	Көкпекті	0,20	0,30	1,0	
11	Күршім	0,20	0,15	1,0	0,30
12	Ұлан	0,20	0,15	0,50	0,18
13	Үржар	0,15	0,20	0,50	0,30
14	Тарбағатай	0,30	0,20	1,0	0,50
15	Шемонаиха	0,20	0,20	0,50	
16	Риддер	0,20	0,20	0,50	
17	Семей	0,20	0,15	0,25	
18	Өскемен	0,16	0,12	0,25	